

**АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ**

**«Б Е К І Т Е М І Н»**

Колледж басшысының тәрбие  
істері жөніндегі орынбасары

\_\_\_\_\_ Абзелова У.О.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022 жыл

**«Медицина» пән бірлестігінің  
2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмыс  
ЖОСПАРЫ**

## **I. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:**

### **Тәрбие жұмыстарының мақсаты**

Колледждегі тәрбие жұмысының нормативке сәйкес базасын нығайту, педагогикалық жұмыстардың деңгейін көтеру, білім алушыларға толыққанды білім мен тәрбие алуға жағдай жасау басым бағыттарының бірі. Оқу орнында тәрбие процесінің әлеуметтік статусын көтеру, жастардың инновациялық технологияларды жетік меңгеріп, интеллектуалдық жетістіктерін көрсетулеріне жағдай жасау, сондай-ақ қоғамға қажетті дағдылары қалыптасқан, саяси мәдениетті, өзіндік сыни көзқарасы бар, көшбасшылық қабілеті жоғары, азаматтық позициясы қалыптасқан еліміздің экономикасы мен техникасын дамытуға өзіндік үлесін қосатын маман даярлау.

### **Тәрбие жұмысының міндеттері**

Ұлттық сана-сезімі, мәдениет, парасаты, ар-ожданы мол, еңбекқор бойына игі қасиеттер қалыптастыратын азаматтар тәрбиелеу;

- Мемлекттік рәміздер тарихын терең білу, оған сый құрметпен қарау;
- Отанға, елге сүйіспеншілік, патриоттық сезімін арттыру;
- Озық педагогикалық ойларды ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, адамгершілік, имандылық қадір-қасиетін арттыру;
- Студент жастардың арасында діни экстремизмге қарсы шаралар мәнін күшейту;
- Колледждегі жастар мен студенттердің өзін-өзі басқаруын жан-жақты дамыту;
- Студенттердің жеке қабілеттері мен интеллектуалдық мүмкіндіктерін бүкіл қоғам мүддесі үшін дамытуға жағдай жасау.

### **Топ жетекшісінің міндеттері**

Ұрпаққа берілетін ең өзекті тәрбиеге әр халықтың ұлттық қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халықтың болсын өзінше дараланып тұратын ерекшеліктері бар. Тәрбие – мәңгілік және адамзаттық. Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, тоқтаусыз дами береді.

Адамгершілік, оның ішінде рухани адамгершілікті оқушылардың бойына сіңіру қаншалықты маңызды екендігі жөнінде ғалымдарымыз өз зерттеулерінде айтып, ол туралы құнды – құнды ой – пікірлерін қалдырады.

«Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар: барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» - дегендей, құнды қасиеттерге ие, рухани бай адамды қалыптастыру – шынында да оның туған кезінен басталса керек. Ал адамның адам болып қалыптасуында ата –аналармен қатар атсалысатын ұстаздардың да рөлі өте зор. Бұл орайда білім беру қызметкерлеріне де болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауаркершілік жүктелген.

Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата – ананың қолынан келе бермейді. Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреуі тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып береді. Біреулерді өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққанынан уақытша тыңдайды, бірақ ата – анасының уысынан шыққан соң өзін – өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді. Олай болса, мұғалім ата – ана ескере бермейтін тәрбиенің тиімді сәттерін пайдалануға тырысуы қажет.

Ата – аналар – топ жетекшісінің серіктері. Оқу орнымен бірлікте олар қоғамымыздың негізгі тәрбиелеуші күшін құрайды. Оқу орнымен ата – ананың тәрбие жұмысындағы ынтымақтастығын жылдан – жылға заман талабына сай нығайту қазіргі кезеңінің басты міндетіне айналып отыр.

Топ жетекшісі – ең алдымен, балалардың, ата – аналардың, топқа сабақ беретін оқытушылардың қамқорлыққа алушылар мен алынушылардың тағы басқа педагогикалық тұрғыдан бағытталған кең көлемді араластығын басқарушы.

**Топ жетекшісінің бірінші міндеті** ата-аналарымен тұрақты байланыс орнатып, оны қолдап отыру. Отбасы мен топ жетекшісі арасында оларды күн сайын жалғастырып отыратын тұрақты буын - бала бар.

Ата-анамен байланыс жасау, олармен отбасы тәрбиесіне және үйшілік өмір салтына әсер етуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, жалғастықтар орнатудың тәсілдері ата – аналарды балалармен мектепте, тұрғылықты жерде тәрбие жұмысын жүргізуге қалыптастыру, жекелеме педагогикалық тапсырмалар беруді пайдалану, ата- аналарды оқу орнындағы қоғамдық жұмыстарға тарту болып табылады. Ал бұл жұмыстың ұйымдастырушысы – топ жетекшісі.

**Топ жетекшісінің екінші міндеті** отбасы мен оқу орнының балаға қоятын талаптарының бірлігін жасаудан тұрады. «Оқушыға арналған ережемен» ата – ананы да сауаттандырып, осы ережелердің ары қарай отбасында жалғасын тауып отыруын қатаң бақылауға алуы қажет.

**Топ жетекшісінің үшінші міндеті** – ата-аналар комитетін ұйымдастырып, оның баланы тәрбиелеушілік мүмкіндігін дамыту. Бұл – күрделі де маңызды міндет. Ол мұғалімнің ересектер мен балаларға, ата – аналар мен жұртшылық өкілдеріне әсер ету шеберлігін қамтамасыз ететін психологиялық – педагогикалық дайындық дәрежесінің жоғары болуын қажет етеді.

**Топ жетекшісінің төртінші міндеті** – ата – анаға педагогикалық білім беру, олардың педагогикалық мәдениетінің дәрежесін арттырып отыру.

Топ жетекшісінің бесінші міндеті – отбасының тәрбиелеу белсенділігін зерттеу мақсатында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жөнінде құжаттар жүргізу.

#### **ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ**

р/с	Іс шаралар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу формасы
1.	Жаңадан қабылданғандармен жүргізілетін бейімдеу жұмыстарының шараларын дайындау. Оларды колледждің тарихы және дәстүрлерімен таныстыру.	1.09 дейін	1-3 курс кураторлары	Хаттамалар
2.	Топ жиналыстарын өткізу, белсенділерді анықтау, староста тағайындау және студенттерді ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. Студенттерді ережеге сәйкес техника қауіпсіздігі нұсқаулығын өткізу	05.09 дейін	1-3 курс кураторлары	Топ белсенділері . Хаттамалар
3.	Қазақстан Республикасы Конституциясына арналған іс-шаралар жоспарын дайындау.	8.08 дейін	1 курс кураторлары	Топ жетекшілері

	Топ жетекшісінің тәрбие сабағын өткізу. ҚР президентінің жолдауын талдау			
4.	«Рухани жаңғыру » бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарын құрып, ұйымдастыру	10.09 дейін	Директордың орынбасары, жастар комитетті, топ кураторлары	Бұйрықтар, жоспарлар
5.	«Саналы ұрпақ» жобасы бойынша жоспарын құрып, ұйымдастыру	10.09.2022	Директордың орынбасары, жастар комитетті, топ кураторлары	Жұмыс жоспарлары
6.	«ҚР колледждерінің ең үздік 100 студенті » жобасымен жұмыстар жасап, жоба ұйымдастыру	Кестеге сәйкес	Директордың орынбасары, жастар комитетті, топ кураторлары	Жұмыс жоспарлары
7.	«Жастардың өзін-өзі басқару органдарының жүйесін дамыту » және ұйымдастыру	18.09 дейін	Директордың орынбасары, топ кураторлары	Іс-шара-жоспары
8.	Ведомстволық мекемелермен бірлескен іс-шара-жоспарларын бекіту: 1. Сайрам аудандық ішкі істер бөлімі 2. Салауатты өмір салты орталығы 3. Тілдерді дамыту басқармасы	18.09 дейін	Директордың орынбасары, топ кураторлары	Бірлескен іс-шара-жоспарлары
9.	4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жұмысы, 5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстары, 6. Сайрам аудандық ішкі істер бөлімінде есепте тұрғандар	18.09 дейін	Директордың орынбасары, топ кураторлары	Іс-шара-жоспары

	студенттермен жұмыс жүргізу іс-шараларын жасау			
10.	Топ старосталарымен мәжіліс өткізу	Апта сайын	Директордың орынбасары, топ кураторлары	Хаттама
11.	Экологиялық шаралар өткізу, топтарда санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізіп, ұйымдастыру	Ай сайын	Директордың орынбасары, топ кураторлары	Сенбілік, Тазалық күні, Фотоесеп
12.	Терроризм мен діни экстремизмнің алдын-алу шараларын өткізу	Айына бір рет	1-3 курс кураторлары	Жоспар, Фотоесеп
13.	Ата-аналар комитетін бекіту, жұмысын жоспарлау, отырыстарын өткізу: -Ата-аналар жиналыстары; -Жеке әңгімелесу; -Ата-аналарға тәрбие жұмысының нәтижесі мен студенттердің сабаққа қатысуы туралы мәліметтерді жеткізу	Жоспарға сәйкес	Директордың орынбасары топ кураторлары	Бұйрық, жұмыс жоспары, жиналыс хаттамасы, фотоесеп

### КОЛЛЕДЖДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ ЦИКЛОГРАММАСЫ

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталуы
1.	Сабаққа қатысуды тексеру және талдау жасау, жүйелі сабаққа қатыспай жүргендермен жұмыс жүргізу.	Күнделікті	Директордың орынбасары, кезекшілік еткен топ кураторы	Күнделікті сағат 10.00-ге директорға хабарлама және апталық талдау
2.	Кураторлар бірлестігінің отырыстары	Айдың соңғы жұма күні	Директордың орынбасары, бірлестік жетекшісі	Хаттама
3.	Кураторлық сағаттарды өткізу	Сенбі	Кураторлар	Хаттама

**ПӘН БІРЛЕСТІКТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК  
БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ЖОСПАР-КЕСТЕСІ**

	<i>Іс-шара атауы</i>	<i>Өткізу формасы</i>	<i>Өткізілетін күні</i>	<i>Жауаптылар</i>
<b>Бірінші бағыт</b> <b>Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие</b>				
№	Жалпы кураторлық сағат өткізу тақырыбы: «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм»	Топ сағаты (презентация)	01.09.2022	Топ кураторлары
1.	Топ сағаты: Колледж студенттерінің құқығы мен міндеттері; Ішкі тәртіп ережелері; Қоғамдық орындарда өздерін ұстап білу міндеттері	Топ сағаты	02.09.2022ж	Дир.тәр.ісі жөніндегі орынбасары Топ кураторлары
2.	Заң қызметкерлері көмегімен лекциялар: «Жол ережесін бұзбайық» «Құқық–әділет пен парасат жолы» «Жасөспірім, назар аудар!», «Заңды қадірлейтін азамат болуға тиіспіз» және т.б. (рейдтер өткізу)	Дөңгелек үстел	Жыл бойы	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушісі, топ жетекшілері
3.	1-2 курс студенттерінің кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектормен кездесуі.	кездесу	Айына бір рет	Дир.тәр.ісі жөніндегі орынбасары Топ кураторлары Колледж инспекторы Абдигапиров И.А
4.	Ұлылар өлкесі «Даналар даласына саяхат»	саяхат	Жыл бойы	Дир.тәр.ісі жөніндегі орынбасары Топ кураторлары
5.	Колледж үйірмелерінің жұмысы	Үйірме жұмысы	Үйірме жұмысының	Үйірме жетекшілері

			жоспарына сәйкес	
6.	Қылмыстың алдын алу жұмысы.	Профилактикалық әңгіме, кеңес беру, түзету жұмыстары.	жұмыс жоспарына сәйкес	Дир.тәр.ісі жөніндегі орынбасары Топ кураторлары Колледж инспекторы Абдигапиров И.А
7.	Полиция көмекшілерінің жұмысы	Профилактикалық әңгіме, кеңес беру, түзету жұмыстары.	Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес	Дир.тәр.ісі жөніндегі орынбасары Топ кураторлары Колледж инспекторы Абдигапиров И.А
8.	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған тақырыптық топ сағаты «Тәуелсіздік деп соғады жүрегімі!»	Топ сағаттары	Желтоқсан	Топ кураторлары
9.	«Отан үшін от кешкендер» Жеңіс күніне арналған жалпы колледждік іс-шара	Топ сағаттары	Мамыр	Топ кураторлары
10.	«Отаным тағдырым» тақырыбында 9-шы мамырға, 7-ға мамырға арналған іс-шаралар	Мерекелік іс-шара	Мамыр	АӘД мұғалім Топ кураторлары
11.	Саяси репрессияға ұшырағандарды еске алу күні (дәрістер, сұхбаттар, саяси ақпараттарды фильмдер арқылы көрсету)	Топ сағаттары	Мамыр	Тарих пәнінің оқытушылары, Топ кураторлары

12.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күніне арналған тақырыптық топ сағаттары	Топ сағаттары	Маусым	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері
-----	---	---------------	--------	--

### Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

№	Іс-шара атауы	Өткізу формасы	Өткізілетін күні	Жауаптылар
1.	Білім күніне арналған салтанатты жиын.	Салтанатты іс-шара	01.09.2022	Дир.тәр.ісі жөніндегі орынбасары Топ кураторлары
2.	Мұғалімдер күніне арналған колледжішілік мерекелік іс-шара	Мерекелік іс-шара	01.10.2022	Медицина бөлімі
3.	Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында «Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстар тарихы» апталығы	Мерекелік іс-шара	ақпан	Пән бірлестіктері
4.	«Кітап оқитын колледж» апталығын өткізу	Жарыс	қараша	Әбдіқапарова Г Студенттік Парламент Топ кураторлары
5.	«Студенттік көктем» сайысын өткізу	Мерекелік кеш	сәуір	Пән бірлестіктері Затыбек А
6.	«Түлек – 2022» түлектерге диплом табыстау рәсімі.	Мерекелік кеш	Маусым	Гуманитарлық бөлім Бекмурзаева Н Өндірістік бөлім Тажибеков М.И Медицина бөлім Шатемирова А.Р



### Үшінші бағыт — Ұлттық тәрбие

№	<i>Іс-шара атауы</i>	<i>Өткізу формасы</i>	<i>Өткізілетін күні</i>	<i>Жауаптылар</i>
1.	Қазақ халқының салт дәстүрлерін білу, қазақ тілін жетік меңгерту мақсатымен қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысу	Офлайн және онлайн ұйымдастырылған жарыстарға қатысу	Жыл бойы	

### Төртінші бағыт — Отбасы тәрбиеі

№	<i>Іс-шара атауы</i>	<i>Өткізу формасы</i>	<i>Өткізілетін күні</i>	<i>Жауаптылар</i>
2.	"Мен және менің отбасым", "менің өмірімдегі отбасы" тақырыбын а кураторлық сағаттар өткізу	Топ сағаттары	Жұмыс жоспарына сәйкес	Топ кураторлары
3.	«Колледждің ата-аналармен ынтымақтастығы» жалпы колледждік ата-аналар жиналысы	Жалпы колледждік ата-аналар жиналысы	17.09.2022	Тәрбие бөлімі, бөлім басшылары, Топ кураторлары
4.	«Психологиялық-педагогикалық дәріс» атты ата-аналар жиналысы	Ата-аналармен кездесу	Қараша-желтоқсан; Наурыз-сәуір	Топ кураторлары Колледж психологы
5.	Жеке кеңес беру.	Кеңес беру	Қажеттілігіне қарай	Топ кураторлары Колледж психологы
6.	Қайырымдылық акциясы: «Қарттарым, аман-сау жүрші», «Үлкендерді сыйлап, құрметтей біл» - еңбек ардагерлерімен	Қайырымдылық акциясы	Жұмыс жоспарына сәйкес	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері, Еріктілер

	кездесу, олардың үйлеріне бару, салтанатты шара			
7.	Балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және колледжде мұқтаж оқушыларға арналған қайырымдылық көмек көрсетуді ұйымдастыру	Қайырымдылық көмек	Жұмыс жоспарына сәйкес	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері, әлеуметтік педагог, психолог

### Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

№	<i>Іс-шара атауы</i>	<i>Өткізу формасы</i>	<i>Өткізілетін күні</i>	<i>Жауаптылар</i>
1.	Оқу аудиторияларын жинау, санитарлық өңдеу	Фотоесеп	Оқу аудиториясын ың меңгерушісі	Күн сайын, апта сайын
2.	Колледж аумағын тазалау	Фотоесеп, мақала	қыркүйек қазан, сәуір-маусым	Топ жетекшілері
3.	«Таза аула» экологиялық іс-шара	Сенбілік	Жоспарға сәйкес	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері, Еріктілер
4.	"Жұмысқа қалай орналасамын?" тақырыбына кураторлық сағат өткізу»	Дөңгелек үстел	сәуір	3-4-курс топ кураторлары
5.	«Туған өлкенің сұлулығы!» фотокеңіресі	Фотоесеп, мақала	мамыр	Студенттік кеңес, топ кураторлары
6.	Ашық есік күнін өткізу	Кездесу	сәуір	Директордың іс тәжірибе жөніндегі орынбасары, бөлім басшылары, Топ кураторлары

**Алтыншы бағыт — Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

<b>№</b>	<b>Іс-шара атауы</b>	<b>Өткізу формасы</b>	<b>Өткізілетін күні</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Үйірмелер мен спорт секцияларына тізімдерді қалыптастыру	Студенттер тізімі	Қыркүйек	Үйірмелер мен спорт секцияларының жетекшілері
2.	Пәндік олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу	Фотоесеп	Жыл бойы	Әдіскер, жауапты оқытушылар
3.	«Development Day» даму күні	Студенттердің даму күні	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Абзелова Ұ.О Жастар комитеті Топ кураторлары

**Жетінші бағыт — Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

<b>№</b>	<b>Іс-шара атауы</b>	<b>Өту түрі</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
----------	----------------------	-----------------	----------------	-------------------

**Сегізінші бағыт — Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

<b>№</b>	<b>Іс — шара атауы</b>	<b>Өту түрі</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	Республика күніне орай оқытушылар арасында эстафеталық жарыс	Спорттық жарыс	Қазан	Пән бірлестіктері
2.	3-4 курс студенттерінің гинеколог дәрігермен кездесу	Кездесу	Жоспарға сәйкес	Медицина ПБ
3.	Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күні аясында іс шаралары ұйымдастыру және өткізу	СПИД орталығы мамандарымен кездесу	Желтоқсан	Медицина ПБ
4.	24 наурыз-халықаралық туберкулезбен күрес	Дөңгелек үстел	Наурыз	Медицина ПБ

	күніне орай дәрігер мамандармен кездесу			
5.	31 мамыр – Дүниежүзілік темекі шегумен күрес күніне орай «Темекі тартқаның өзінді құртқаның» әңгіме	Дөңгелек үстел	Мамыр	Медицина ПБ

**Ашық тәрбие сағаты**

№	Тақырыбы	Өту түрі	Мерзімі	Топтар	Жауаптылар
1.	«Ұстаздар-ұлы тұлға»	Ашық сабақ	Қыркүйек 29.09	МБ-212\3	Мырзабаева Д.Е.
2.	Адам ағзасына әсер ететін зиянды әдеттер.	Дөңгелек үстел	14.10.2022ж	МБ-222/2	Абдугаппарова Д
3.	«Жайнай бер- Жаңа Қазақстан»	Тәрбие сағаты		ФЛ-А-222/2	Илесбек А
4.	«Med Laif» ерікті	Еркін формат	Әр сенбі	Med Laif Еріктілері	Абадов Қ

**Пән бірлестік төрағасы:**

**Балғабай А.С.**